

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 2 хаттамасы
(ТЖМ)**

Астана қ.

2026 жылғы 5 маусым

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы (Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 қабат)

Төрағалық еткен: Д.Д. Сатылғанов

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар (ТЖМ): Н.Н.Тоқсанов, М.Әбдіхалықұлы, А.З.Қалиев, Е.А.Төрегелдиев, Р.Қ.Дубаев.

бейнеконференцбайланыс режимінде: Г.Т.Қамарова, А.Ж.Дұрысбеков, Қ.Е.Қыстаубаев, М.С.Қайсанов, Ф.Л.Мордвинкин.

Қатыспағандар: аппарат басшысы (бос орын), Б.А.Ақанов, К.Е.Дүйсенов, Ю.А.Новожилов, А.А.Мәдиев, В.Н.Ганагин, Қ.А.Мейрамов, Т.У.Омаров.

Шақырылғандар: Төтенше жағдайларды жою департаменті бастығының орынбасары Е.С.Құдайбергенов, Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару орталығы (Департамент құқығында) бастығының орынбасары Т.А.Серікбаев, Төтенше жағдайлардың алдын-алу комитеті төрағасының орынбасары Р.Н.Есмағанбетов, Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департаментінің бастығы Ю.Ю. Будрин, «Апаттар медицинасы орталығы» ММ басшысының м.а. Р.А.Науырызалиев.

бейнеконференцбайланыс режимінде: «Барыс» республикалық құтқару қызметі» РММ басшысының орынбасары Т.Д.Ғабдышев.

Күн тәртібінде:

1. Тәуекелдерді, аумақтардың қауіпсіздік паспорттарын цифрлық және сценарийлік модельдеу және өнеркәсіптік қауіпсіздік *(азаматтық қорғау жүйесінде қағаз форматынан цифрлық және электрондық форматқа көшу)*.

2. Авариялар мен халықтың жарақаттануының өсуі: алдын—алу, ден қою және авариялық—құтқару жұмыстарының тиімділігі *(өнеркәсіптік объектілерде жарақат алу, суға түсу және қысқы уақытта мұзға шығумен байланысты су айдындарындағы жағдайлар; техногендік сипаттағы авариялардың алдын-алу және салдарын жұмсарту, ЖКО)*.

1. Тәуекелдерді, аумақтардың қауіпсіздік паспорттарын цифрлық және сценарийлік модельдеу және өнеркәсіптік қауіпсіздік *(азаматтық қорғау жүйесінде қағаз форматынан цифрлық және электрондық форматқа көшу)*

(Қоғамдық итыңдау)

(Д.Д.Сатылғанов, М. Әбдіхалықұлы, Н.Н.Тоқсанов)

1. тәуекелдерді, аумақтардың қауіпсіздік паспорттарын цифрлық және сценарийлік модельдеу және өнеркәсіптік қауіпсіздік азаматтық қорғау жүйесінде қағаз форматынан цифрлық тәуекел-бағдарлық басқаруға көшу, сондай-ақ ГИС ЧС АААБЖ,

аумақтар қауіпсіздік паспорттарының цифрлық қолданбалы жүйелерін, тәуекелдердің цифрлық атласы мен есептік модульдерді қолдану мәселелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшесі М. Әбдіхалықұлының ақпараты назарға алынсын.

2. Министрлікке (АЦЖБД, СЖЖЖБО, ӨҚК, ӨҚК, ТЖААК) тәуекелдерді басқарудың цифрлық контурына біртіндеп көшуіне ұсыну.

Өнеркәсіптік өндіріске цифрлық құралдарды енгізудің кезең-кезеңімен жоспары Қоғамдық кеңес мүшелеріне танысу үшін **бір айлық мерзімде** жолдау.

3. Министрлікке **2026 жылдың 31 тамызына** дейін цифрлық қауіпсіздік деректер парақтарын жаңарту және интеграция процестерін қамтамасыз ету, пайдаланушыларды оқытуды ұйымдастыру және кейіннен әзірленген цифрлық шешімдерді өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын. Қоғамдық кеңес мүшелерін атқарылған жұмыс туралы хабардар ету.

2. Авариялар мен халықтың жарақаттануының өсуі: алдын-алу, ден қою және

авариялық-құтқару жұмыстарының тиімділігі (өнеркәсіптік объектілерде

жарақат алу, суға түсу және қысқы уақытта мұзға шығумен байланысты су айдындарындағы жағдайлар; техногендік сипаттағы авариялардың алдын-алу және салдарын жұмсарту, ЖКО

(Қоғамдық тыңдау)

(М.Әбдіхалықұлы, Д.Д.Сатылғанов, Р.Н.Есмағанбетов, Ю.Ю.Будрин, Ф.Л.Мордвинкин, Н.Н.Тоқсанов, Р.А.Науырзалиев)

1. Авариялар мен халықтың жарақат алуы, алдын-алу жұмыстарының, ден қою және авариялық-құтқару жұмыстарының тиімділігі, оның ішінде ЖКО, өнеркәсіптік объектілерде жарақат алу, суға түсу және қысқы уақытта мұзға шығумен байланысты су айдындарындағы жағдайлар, техногендік сипаттағы авариялардың алдын-алу және салдарын жұмсарту мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшесі М.Әбдіхалықұлының ақпараты назарға алынсын.

2. Министрлікке (ТЖЖД, СЖЖЖБО, «АМО» ММ, «Барыс» республикалық құтқару қызметі» РММ, ӨҚК, ӨҚК) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ЖКО, өндірістік жарақат алулар, аумақтар, учаскелер және объектілерде бірнеше рет қайталанған және салдары ауыр жерлерді белгілеп су айдындарындағы оқиғалары болған орындарға талдау жасауды ұсыну.

Қоғамдық кеңеске **а.ж. 30 қыркүйегіне** дейін қарастыру үшін жолдау.

3. Министрлікке Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Көлік министрліктерімен, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ, «Қазжол-Сервис» Фирмасы» ЖШС және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып ЖКО бойынша, жол инфраструктасы, авариялар себептері, жолдарды жабу, жолдардағы мезгілдік тәуекелдер мен ден қою нәтижелері бойынша ақпарат алмасуды ұсыну. **Бекітілген тәртіпті Қоғамдық кеңес мүшелеріне қарастыру үшін жолдау.**

4. Министрлікке (ТЖЖД, СЖЖЖБО, облыстық ТЖД) шомылуға рұқсат етілген және тыйым салынған жерлерді, бақыланбайтын су айдындарын, карьерлер, арналар, арықтар, мұз учаскелері мен мұз астында балық аулау орындарын есепке алатын тәуекел-бағыттық тізім жасауды ұсыну.

Тәуекел-бағыттық тізімді Қоғамдық кеңес мүшелеріне танысу үшін **бір айлық мерзімде** жолдау.

**Азаматтық қорғау органдары
жұмысының мәселері бойынша
Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы**



Д. Сатылғанов